16356125-3 Конкурс комиссиясына

Мемлекеттік сатып алу туралы заңның конкурстық құжаттамасының 8 қосымшасында
Ескерту : Өзге құжаттарда әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптарын белгілеуге жол берілмейді деп және

Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 11 Бап

7. Әлеуетті өнім беруші және (немесе) тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) мынадай негіздердің бірі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады:

1) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжатты (құжаттарды) ұсынбаған, сол сияқты мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған; 2

2) Әлеуетті өнім беруші ұсынған құжаттарда, сол сияқты мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде оның сәйкестігін растау үшін қамтылған ақпараттың негізінде біліктілік талаптарына сәйкессіздік фактісі, сондай-ақ ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындаушысының) біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі анықталған;

3) дәйексіз ақпарат беру фактісі анықталса.

8. Әлеуетті өнім берушіні және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерін (бірлесіп орындаушысын) осы баптың 7-тармағында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп тануға жол берілмейді. Деп көрсетілгенін қаперіңізге беремін.

Техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптар конкурстық өтінімді қайтаруға заңды себеп болмайтынын қаперіңізге беремін.

Бұл конкурста біліктілік талаптарында ешқандай талап көрсетілмеген және қызмет көрсетуге лицензия талап етілмеген.Конкурстың қандай мақсатта және қандай заңды негізге сүйеніп конкурсқа қатысушыларды талапқа сай немесе сай емес деп анықтағаны белгісіз.Сондықтан конкурсты өткізілмеді деп танып.Заң талаптарына сәйкес қайта конкурс өткізуіңізді сұраймын.

АдайТрансКом ЖШС
директоры **Далмаганбетова Ж.А**